

"Қазконтракт" ("Қазконтракт" АҚ) Республикалық Контракт Корпорациясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 6 қаңтар N 13. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993.07.30. N 663 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясын құру туралы" 1992 жылғы 7 желтоқсандағы N 1006 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осы аталған Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Материалдық ресурстар министрлігінің құрамына кірген мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың негізінде мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам - "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы" құрылғаны еске алынсын.

2. "Қазконтракт" АҚ қызметінің басым бағыты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұқтаждарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады деп белгіленсін.

Осы мақсатта "Қазконтракт" АҚ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің немесе мемлекеттік тапсырыс берушілердің тапсырмасы бойынша:

мемлекеттік сатып алуларды әрі дайындаушы кәсіпорындармен және делдалдық ұйымдармен мемлекеттік мұқтаждар үшін өнім беріп тұруға контракттар жасасуды;

мемлекетаралық шаруашылық байланыстарды және үкіметаралық Келісімдер бойынша өзара өнім беріп тұруды ұйымдастыруды;

өнім беріп тұруды квоталау мен лицензиялауға қатысуды;

тікелей шарттарды дамытуды кәсіпорындар мен ұйымдарға жәрдем жасауды жүзеге асырады.

3. "Қазконтракт" АҚ-на Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің өз тектес ұйымдарымен үкіметаралық Келісімдер бойынша өзара өнім беріп тұру жөнінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің фирмаларымен бас контракттылар жасасуға хұқық берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы жанындағы Баға комитеті мен "Қазконтракт" АҚ Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бағаның негізсіз өсуіне және үстемелер қолдануға жол бермеуді ескеріп, "Қазконтракт" АҚ-ның

кірістерін құраудың тәртібін көздейтін ұсыныстар енгізсін.

Бұл ретте "Қазконтракт" АҚ-ның кірістері контракттардың құнымен өлшенетін көлемінен түсетін аударымдардан, өнім беріп тұру жөніндегі делдалдық және өзге операцияларды жүргізуден құралатыны ескерілсін.

5. "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясының Президентін акционерлердің конференциясы сайлайтын болып белгіленсін. Осы аталған лауазымға ұсынылатын кандидатуралар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісіледі.

6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің коммуналдық меншігін қалыптастыру туралы" 1992 жылғы 23 қыркүйектегі N 799 қаулысымен бекітілген Алматы қаласының аумағында орналасқан және республикалық меншікте қалдырылатын республикалық маңызы бар өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс салалары кәсіпорындарының, ұйымдарының, мүліктік кешендерінің тізбесіне қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан

Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 17 сәуірдегі N 344 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 16, 254-бап) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен "Қазконтракт" АҚ 2 ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және ведомстволық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 6 қаңтардағы

N 13 қаулысына

Қосымша

Алматы қаласының аумағында орналасқан
әрі республикалық меншікте қалдырылатын
кәсіпорындар мен ұйымдар

Алматы республикалық "Алматыжабдықтау" жабдықтау-өткізу

компаниясы

"Алматыметалжабдықтау" кәсіпорны
"Алматымашжабдықтау" кәсіпорны
"Алматыағашқұрылысхимжабдықтау" кәсіпорны
Алматы автокөлік кәсіпорны
Алматы ыдыс жөндеу кәсіпорны
"Қазақашметарнал" концерні
"Қазақтемір" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазким" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазкоммун" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазқұрылысматериал" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазэлектр" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазавтомаш" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазауырмаш" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазсырталмасу" сауда-делдалдық фирмасы
"Қазөнеркәсіпыдыс" сауда-делдалдық фирмасы
Республикалық "Эстетика" сауда-коммерциялық фирмасы
"Қорғау" сауда-делдалдық кәсіпорны
"Қазақтемір" СДФ-ның (сауда-делдалдық фирмасының)
"Алматыметалкөтермесауда" кәсіпорны
"Қазэлектр" СДФ-ның консигнациялық бағасы
"Қазавтомаш" СДФ-ның консигнациялық бағасы
Республикалық есептеу орталығы
"Қазқайталама" өндірістік бірлестігі
Материалдық ресурстар министрлігінің Жөндеу-пайдалану
басқармасы
Алматы тоқылмайтын материалдар фабрикасы
Алматы өндірістік-дайындау кәсіпорны
Алматы өндірістік-дайындау кәсіпорнының Ленин дайындау
кәсіпорны